



РАДИО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ БЕКІТІЛДІ

1 қазан Радио қызметкерлерінің ресми күні болып жарияланды. Кәсіби мереке 2021 жылдың 13 тамызында Үкімет қаулысымен бекітілді. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«2021 жылғы 13 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен 1 қазан Радио қызметкерлері күні болып жарияланды.

Бұған дейін Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтау барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ радиосының 100 жылдығын мерекелеу аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп жариялауды ұсынған болатын.

Радио қызметкерлерінің кәсіби күні отандық радионы одан әрі дамытуға қосымша ынталандыру болады деп болжануда.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда радиохабар тарату тарихы 1921 жылдың қазан айында басталған болатын» деп жазды Б.Уәли.

СПОРТШЫЛАР МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАҒА ИЕ БОЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен XXXII Жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістіктері үшін бірқатар спортшы орденмен марапатталды. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook-те жазды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен XXXII Жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістіктері үшін

III дәрежелі «Барыс» орденімен Сметов Елдос Бақтыбайұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы,

II дәрежелі «Достық» орденімен Чиншанло Зульфия Салахаровна – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы,

«Құрмет» орденімен Асәділов Дархан Абсадықұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Берульцева Софья Полихроновна – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Бибосынов Сәкен Исмадиярұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Қоңқабаев Камшыбек Бисенбайұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Санаев Нурислам Валентинович – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Сон Игорь Сергеевич – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы наградалды» деп жазды Б.Уәли.

Карантинде қанша ЖӘРДЕМАҚЫ БЕРІЛДІ?



Коронавирус індетінің жаппай таралуына байланысты көпшілік әлем мемлекеттерінде миллиардтаған адам күнделікті күнкөріс көздерінен айырылды. Жұқпалы аурудан сақтану мақсатында еларалық шекаралар жабылып, тұрғындар карантинге үйіне қамалды. Қазақстанда да жұмыссыздық деңгейі күрт өсіп, халық қаржылық қиындықтарға тап болды.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЙ ЖӘРДЕМДЕСТІ?

Қолданыстағы заң бойынша, жұмыссыз қалған жандар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін әлеуметтік төлем алуға құқылы. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне сүйенсек, індеттің алғашқы кезеңінде елімізде жұмыссыздық деңгейі 2020 жылдың сәуір айында шырақ шегіне жеткен. Сол айда республикада 4 млн 200 мың адам жұмыссыз деп танылды. Үкімет жұмыссыз қалған жандарға қолдау ретінде 42 500 теңге жәрдемақы төледі. Сондай-ақ әлеуметтік осал топтар үшін коммуналдық қызметтердің төлеміне 15 000 теңге жәрдемақы қарастырылды. Алайда біртүтік жәрдемақы алуға 8,2 млн азамат өтініш берген болатын,

олардың жартысының өтініші қанағаттандырылмады.

Бірақ кейін мемлекеттен жәрдемақы алушылар қатары тым азайып кетті. Мәселен, 2021 жылғы I шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылар саны 70,3 мың адамға дейін құлдырап кеткен. Оның ішінде 47 мың адамға төлем алғаш рет тағайындалды. Бірақ бұл Қазақстанда жұмыссыздар аяқастынан азайып кеткенін білдірмейді. Тағы да сол ресми дерекке сүйенсек, Ұлттық статистика агенттігі бюросының сайтында елде жұмыссыздар саны 451,3 мың деп көрсетілген. Ресми дерек бойынша, коронавируспен күресу үшін мемлекет 114 миллиард 826 миллион теңге бөлген.

(Жалғасы 4-бетте)

Мәдениетте тағы да ЖЕМҚОРЛЫҚ

Қызылорда облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы жеке кәсіпкерден объектіні кедергісіз қабылдап, оған тиесілі қаржыны уақытылы аударып беру үшін 1 млн теңге көлемінде пара алу дерегімен күдікке ілінді. Өзірге сот санкциясымен күдіктіге қатысты «құзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған. Бұл туралы Қызылорда облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің баспасөз қызметі хабарлаған.



еді. Бірақ нақты кім екені, басқарманың қызметкері ме, әлде оған қарасты мекеме басшылары мен лауазымды тұлғалары ма, ол жағын ашып айтпаған.

Ресми дереккөзде: «Шымкент қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі агенттікпен бірге Шымкент қаласының Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының лауазымды тұлғаларын өшкереледі. Олар мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына бюджет қаражатын жымқыру фактісі бойынша қылмыстық істі тоқтатқаны үшін 80 млн теңге сомасында аса ірі мөлшерде пара беруге әрекет жасады деп күдіктелді» деп жазылған. Бүгінде аталған тұлғалар ұсталып, Шымкент қаласы ПД уақытша ұстау изоляторына қамалған. Іс бойынша тергеп-тексеру жүргізіліп жатыр. «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» дегендей, ақпарат анық болмаса, бұлай жарияламас еді.

5»

ЖЕЛ ТҰРМАСА, ШӨПТІҢ БАСЫ ҚИМЫЛДАМАЙДЫ

Бұдан бөлек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Telegram желісіндегі ресми

арнасы жуырда Шымкент қаласы Мәдениет басқармасының лауазымды тұлғалары аса ірі көлемде пара беруге әрекет жасады деген күдікпен ұсталғанын жариялаған

Антиваксерлер арандатушыдан кем емес

Коронавирусқа қарсы вакцинаны жоққа шығарып, індет жайлы жалған ақпарат таратқындардың халыққа ықпалы әлі де бәсеңсімей тұр. Осы заманда олардың ойындағысын іске асыруға көмекші болып отырған басты құрал – әлеуметтік желілер. «Өз парақшам – өз еркімге» салып, індеттен адам қырылып жатқан уақытта жұртты теріс жолға тартады да отырады. Енді әлеуметтік желілер де олармен күресудің жолын іздеп әлек.

4»



Ет бағасы аспандап тұр

Өңірлерде шабындықтар өртеніп, жемшөп қымбаттағанынан жұрт секем алып отыр. Олардың көкейінде «ет бағасы қымбаттай ма?» дейтін сұрақ тұр. Оның үстіне, азық-түліктің қымбаттағаны тағы бар. Көпшіліктің бұлай ойлауында негіз жоқ емес. Өйткені пандемияның алғашқы толқынында «қойдың сорпасы ем екен» деген қауесеттен кейін баға шарықтап кеткен-ді. Сондықтан халық жемшөп мәселесінің ақыры еттің құнына әсер ете ме деп қорқады.



ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА

Қазір аталған мақал актуал болып тұр. Өйткені аймақтарда шабындықтар өртеніп, жемшөп қоры түгесіліп жатыр. Кейбір өңір шаруалары «сабанның өзін жинай алмай қаламыз ба?» деп алаңдаулы. Оған қоса, жоңышканың әр түгі 900-1 200 теңгеге бағаланған. Белсенділер, ауыл әкімдері шөбі бітік аудандармен келісіп, арзан бағамен шөп алдырғанымен, бәрінде мұндай мүмкіндік жоқ.

Қызылорда мен Маңғыстау өңірінде жағдай әлі бір қалыпқа түспеді. Осыдан кейін сарапшылар үйінде мал-жаны бар тұлғалар қымбатшылық салдарынан ірі қарасы мен ұсақ малын арзан бағаға сатады деп топшылайды. Бұл өз кезегінде еттің бағасын арзандатып немесе ұстап тұрғанымен, «қуырдақтың көкесін» қыс пен көктемде көруіміз мүмкін.

4»

«Бұл не қылған батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық?»

Түрлі қаржы пирамидаларынан талайлардың аузы күйіп жатқанынан көпшілік хабардар болғанымен, алаяқтардың арбауына түсіп, айдың күнінің аманында жиған-терген мал-мүлкінен айырылып қалып жатқандардың қатары әлі де сирер емес. Петропавл қаласында зардап шегушілердің бір тобы кімнен араша сұрағын білмей дал болып жүр.



7»

Мәйітханада кезек көп пе?



Шымкенттің патологиялық бюросы алдында, яғни мәйітхана ғимараты алдында кезек көп деген ақпарат осы аптада жергілікті БАҚ-тан республикалық ақпарат құралдарына дейін жеткен болатын. Онда тұрғындар қажетті құжаттарды күтіп, туыстарының мәйітін шығарып алуға кезекте тұрғаны айтылған.


«Егер бұрын мәйітханаға айына 60-70 мәйіт қана жеткізілсе, қазір коронавирусқа байланысты тәулігіне 30-ға дейін жетіп отыр», — дейді куәгерлер.

Әйтсе де, кеше Шымкент қалалық Денсаулық сақтау басқармасы бұл ақпаратты жоққа шығарады. «Бұл — қала және Түркістан облысындағы жалғыз патанато-

миялық бюро. Мәйіттерді қаладан да, облыстан да қабылдайды. Бүгін Шымкент қаласы бойынша 16 мәйіт түскен. Алдыңғы күндері ең көбі 25 мәйітке дейін болды. Барлық санитарлық-эпидемиологиялық норма сақталып, мәйіт өңделеді және туыстарына беріледі», — деді бөлім бастығы Бақытжан Позилов.

Оның айтуынша, кейбір тұрғындар мәйітті тез арада алғысы келеді екен. Бірақ ереже бойынша, мәйіт ауруханала екі сағат болып, содан кейін ғана сараптамаға жеткізілуі керек. Коронавирустан қайтыс болып жатқан көрсеткіштерге қарасақ, қанша жерден жоққа шығарғанымен, бұл ақпарат рас секілді.

Санаққа 9 миллиард: көп пе, аз ба?



Ұлттық статистика бюросы Қазақстанда өтетін ұлттық халық санағы туралы ақпарат таратты. Олардың айтуынша, пандемияға қарамастан бұл шара өтетін болады.

«Ол 2020 жылдан 2021 жылға шегерілді, бірақ енді кейінге шегеруге болмайды. Санақты дайындау кезінде, әрине жағымсыз эпидемиологиялық жағдай ескерілді. Барлық сұхбат алушылар біріншіден, екпе алды, ал екіншіден, жеке қорғаныс құралдарымен қамтылды», — деді ведомство өкілі.

2018 жылдан 2023 жылға дейінгі Қазақстан халық санағының жиынтық бюджеті — 9 000 078, 172

тенге. Санақшылар кейбір көрші елдерде жан басына шаққандағы халық санағы бұдан да қымбатқа шыққанын ескеру қажет деп отыр. Мәселен: Қырғыз Республикасы — 1,2 доллар, Әзербайжанда — 1,44 доллар, Ресейде — 3,6 доллар.

«2018-2023 жылдарға арналған санақ бюджеті — 9,1 миллиард тенге. Яғни, бір адамға шамамен 1,1 доллар. 2009 жылмен салыстырғанда санаққа үш есе (2,9 доллардан) аз ақша жұмсалып отыр», — дейді олар.

Олар таратқан мәлімет бойынша, жалпы бюджеттің жартысынан көбі — 4,7 миллиард тенге сұхбат алушылардың еңбекқисына кетеді екен. Санаққа 32 мыңнан аса

адам тартылады. Олардың жалақысы 83-125 мың тенге аралығында болады. Сұхбат алушыларға арналған планшеттерге 1 миллиардтан аса тенге жұмсалған. 27 412-ден аса жинақ сатып алынған, оның ішінде планшет, қалам, қуаттағыш, қорғаныс әйнегі мен қорап бар. Бір жиынтықтың бағасы — 39 603 тенге. Планшеттер біртүтік санақтан кейін мектептер мен ауруханаларға берілетін екен. «Электронды статистика» ақпараттық жүйесін жаңартуға шамамен 1 миллиард тенге жұмсалмақ.

«Ұлттық статистика бюросының 10 жыл күткен көлік паркін жаңартуға 475,4 миллион тенге жұмсалды. Статистикалық ақпаратты жинау үшін олар үнемі жол жүруі керек. Бұл үшін сенімді, өтімді және қымбат емес көліктер қажет. Сондықтан таңдау елде құрастырылған «Нива» көлігіне түсті — 139 автокөлік. Әрқайсысы — 3,4 миллион. Тағы 410 миллион тенге — жиналған деректерді өңдеуге. Бұл сомаға 1999 және 2009 жылғы санақ мәліметін цифрландыру да кіреді», — делінген бюро хабарламасында.

Иссапар шығындарына 360 миллион тенге бөлінген. Иссапарлардың мақсаты — сұхбат алушыларды оқыту. «Бір қарағанда, бұл сома көп көрінеді. Бірақ егер оны 32 000 сұхбаттасушыға бөлсек, бір адамға бар болғаны 11 250 тенге болады», — дейді ведомство өкілі.

Телефонды тортқа жасырып өткізбек болған



Павлодар облысында ер адам тергеу изоляторына ұялы телефонды тортқа жасырып өткізуге әрекеттенген. Оқиға Павлодар облысы бойынша ҚАЗЖ департаментінің АП-162/1 мекемесінде болған.

Сотталушыға келген сәлемдемені тексеру барысында, тортты кесу кезінде ұялы телефон табылды. 45 жастағы сотталушы ұрлық жасағаны үшін жазасын өтеп жатқан болатын. Ерекше пакетті оған танысы әкелген. «Мекемеге тыйым салынған заттарды кіргізу үшін сотталғандармен және олардың туыстарымен үнемі әңгімелесу жүргізіледі. Дегенмен келушілер қызметкерлердің салғырттығына үміттеніп, жана әдістерді

ойлап табады. Сондықтан тергеу изоляторына келген барлық сауқаттар мен сәлемдемелерге мұқият тексеру жүргізіледі», — деп түсіндірді АП-162/1 мекемесінің бастығы Әділхан Қапышев.

Айта кетейік, ҚР ӘҚБтК-нің 481-бабына сәйкес мұндай әрекет ескертуге немесе әкімшілік құқық-бұзушылық жасауға құрал немесе зат болған объектіні тәркілеумен, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Еске салайық, осыған дейін Шығыс Қазақстан облысында түзету мекемесінің аумағына ұялы телефондар мен сим-карталардың партиясын лақтырмақ болған ер адам ұсталған еді. «Тексеру кезінде қораптан екі смартфон мен сим-карталар табылып, тәркіленді. Ер адам тыйым салынған заттарды сотталған танысына лақтырмақ болғанын мойындады. 23 жастағы азамат ҚР ӘҚБтК-нің 481-бабы (қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттарды беру) бойынша әкімшілік жауапқа тартылды», — деді ОВ 156/2 мекемесінің басшысы Еркін Кабин.

«Бұзақы полицейлер» жазасын алды

11 тамыз күні түнде Қапшағай қаласындағы «Дель-Мар» дәмханасының алдында бірнеше адам тамақтану мекемесінің екі күзетшісін соққыға жыққан оқиға сыртқы бейнебақылау камераларына түсіп, кейін кадрлар әлеуметтік желілерде таралды. Видеода төбелесті бастаған Қапшағай полиция бөлімінің жедел қызметкерлері екені айтылады.

Кейін белгілі болғандай, жабылатын уақыт келгендіктен күзетшілер қонақтардан дәмхананы босатуын сұраған екен. Ішімдікке тойып алған төртеу оған наразы болып, күзетшілерді сөйлесуге далаға шақырыпты. Дәмхана ауласына шыққан соң оларды соққының астына алған. Оқиға орнына патрульдік жасак жеткеннен өзіне де, олардың бірі полиция қызметкері, Мәдибек есімді жедел уәкіл машинаның багажынан автомат алып шығып, формадағы полиция қызметкерлері тұрғанына қарамастан, оны күзетшілерге кезеп қорқытқан.

Енді бүгінде Қапшағай қаласының полиция қызметкерлері жұмыстан босатылды. Алматы облысының Полиция департаменті ішкі қауіпсіздік қызметі мен кадрлар бөлімінің қызметкерлері тексеру жұмыстарын бастағанын хабарлады. Бұл іс Қылмыстық ко-



декстің 293-бабы 2-бөлігі «Бұзақылық» бойынша тергеліп жатыр. «Полиция қызметкерлерінің оқиғаға қатысуы — өрескел кәсіптік. Олар теріс іс-әрекеттері үшін Ішкі істер органдарынан шығарылды. Олардың әрқайсысының кінәсі қылмыстық істі тергеу

барысында анықталып, сараланды. Қоластындағы қызметкерлерінің тәртіпсіздігіне жол берген басшыларының жауапкершілігін қызметтік тергеу нәтижелері бойынша қарастырамыз», — деді облыстық Полиция департаментінің бастығы Серік Құдбаев.

Антиваксер дәрігерге қатысты тексеру жүргізілмек

Белгілі журналист Қалыбек Атжанның өліміне байланысты тексеру басталмақ. Бұл жөнінде Ішкі істер министрлігі хабарлады. Журналист қайтыс болғанынан бірнеше күн бұрын Айна Бакеева ұсынған тыныс алу жаттығуынан соң денсаулығының нашарлағаны жөнінде әлеуметтік желідегі парақшасында жазған.



«2021 жылдың 11 тамызында қазақстандық журналист Қалыбек Атжанның 9 тамызда қайтыс болу фактісі бойынша шағым түсті. Ол 7 тамызда Facebook әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында А.Бакеева ұсынған тыныс алу жаттығуынан кейін денсаулығының нашарлағанын хабарлаған болатын. 2011 жылдың 11 тамызында аталған шағым ПМ Ақпараттарды тіркеу кітабына тіркелді және Қылмыстық-процестік кодекстің 181-бабы 5-тармағы тәртібімен тиісінше тексеру жүргізу үшін Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жамбыл облыстық департаментіне одан ары беру мақсатында Жамбыл облыстық Полиция департаментіне жіберілді», — делінген ПМ таратқан ақпаратта.

М.ХАҚНАЗАР

Алматыда егеуқұйрық қаптап жатыр

Шаһар тұрғындары «көпқабатты үйлерде уақытылы улау жұмыстары жүргізілмегендіктен, кеміргіштер көбейіп жатыр» деп дабыл қақты. Ең қиыны сол, азаматтар «егеуқұйрық вирус таратады» дегенге сене бастаған.

Осы күні егеуқұйрықтар әлемдегі ірі мегаполистердің ең басты проблемасына айналған. Алматыда да бұл мәселе шешімін таппай келеді. Олармен күресудің жалғыз жолы — улау, көздерін жаю. Мұндай улау шарасы қалада екі кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезең маусым-шілде айында іске асқан. Келесі кезең қыркүйек айында басталады. Қала бойынша барлығы 47 мың гектар жер залалсыздандырылған.

— Егеуқұйрықтармен күресу үшін жыл сайын қала бюджетінен

100 миллион тенге бөлінеді. Кәсіпорынның қызметкерлері, мердігер ұйым, мобильді топты қосқанда 75-тен аса адам осы жұмысқа жұмылдырылады. Мобильді топ жеке үйлерге, тұрғынжайларға шығып дәрі шашады, — дейді Алматы қаласы Энерготиімділік және инфрақұрылымды дамыту басқармасының бас маманы Айдын Сылбырбаев.

Егеуқұйрықтар негізінен базарлар мен коқыс айналасын мекендейді. Сондай-ақ қоғамдық тамақтану орындары — кеміргіштердің көбейетін ордасы. Медеу ауданында дәмханалар мен мейрамханалар көп. Сондықтан осы аумақтың тұрғындары көп шағымданады. Егеуқұйрықтар Түркісіб, Алатау, Жетісу аудандарындағы ескі үйлердің маңында да жиі кездеседі. Құтыру, тулере-

мия және листериоз сияқты ауруларды тарататындықтан, кеміргіштер адам өміріне қауіпті саналады.

— «Егеуқұйрықтар коронавирус тарата ма?» деген сұрақ жиі қойылады. Жок, олай емес. Себебі вирусты таратушы — адам ағзасы, бұл дәлелденген. Сондықтан егеуқұйрықтар вирус таратпайды, — деп отыр Алматы қаласы СЭБД басшысының орынбасары Әсел Қалыкова.

Егеуқұйрықтарды жою үшін жыл сайын жана дәрілер қолдануға тура келеді. Бір маусымда себілген химиялық уға кеміргіштердің ағзасы үйреніп, тұрақты иммунитет қалыптасады екен. Кеміргіштерден құтылу үшін алматылықтарға күз мезгілін күткеннен басқа шара жоқ.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ



Дайындаған Нұрлан ҚОСАЙ

Жол картасындағы іс-шараның 16 пайызы орындалды

«Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі облыстық сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасы биыл 18 ақпанда Қызылорда облыстық партия филиалы Саяси кеңесі бюросының қаулысымен бекітілген болатын. Бүгінде аталған бағдарламаны іске асыру қарқыны түрде жүргізіліп жатыр.

Атап айтсақ, осы мерзімде Жол картасында камтылған іс-шаралардың 16 пайызы орындалды. Бұл бағдарламала камтылған әрбір бағыттың кезең-кезеңімен жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы бойынша сайлауалды бағдарламасында 19 елді мекенді, соның ішінде биыл Қазалы қаласы, Жосалы және Жалағаш кенттерін, Жанакорған ауданының Бірлік, Шиелі ауданының Қодаманов, Бекежанов атындағы елді мекендерін газбен камтамасыз ету көзделген болатын. Жосалы және Жалағаш ауданының орталығы көгілдір отынға қосылды. Жосалы кентіндегі кварталшілік газдандыру жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен 2,69 млрд, Жалағаш кентінің газдандыру жұмыстарына 3 млрд 691 млн теңге қаржы бөлінді. Жалпы, жыл соңына дейін Жол картасы аясында Қазалы қаласын, Шиелі ауданының Бекежанов және Қодаманов ауылдары толықтай табиғи газға қосылып, тұрғындардың газ тұтыну үлесі 67,4 пайызға жеткізілді.



Сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған Жол картасының «Әлеуметтік бағдарланған аймақ» бөлімінде бұқаралық спортты дамыту үшін тұрғындарға жағдай жасау мәселесі де назардан тыс қалмады. Мәселен, бағдарлама аясында алдағы 5

жылда өңірде 19 жана спорттық нысандар, яғни 5 спорттық сауықтыру кешені, 12 стритбол алаңы, 2 жүзу бассейні салу көзделсе, жеке кәсіпкердің демеушілігімен жоба құны 350,3 млн теңгені құрайтын жабық жүзу бассейні Жалағаш ауданы тұрғындарына

пайдалануға берілді. Жүзу бассейнінде бір уақытта 20 адам қабылдауға мүмкіндігі бар. Алдағы уақытта оқушыларға арналған тегін жүзу үйірмесі ашылмақ. Үйірмеге 20-ға жуық оқушы қабылданып, көпбалалы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасының балаларына жеңілдіктер қарастырылмақ. Сонымен бірге мүгедектігі бар азаматтар мен қарттарға күніне 1 сағат тегін кіруге жағдай жасалатын болады. Жалпы, «Nur Otan» партиясы 2025 жылға дейін халықты спорттық инфрақұрылыммен камтамасыз ету қарқынын 1 000 адамға шаққанда 41,25 %-ға, бұқаралық спорт түрлерін дамыту, денешынықтыру және спортпен айналысатын тұрғындардың үлесін 35 %-ға дейін арттыруға мақсат етіп отыр. Игілікті іс жалғасын табады.

А.ЖАСАН



Қаладағы әлеуметтік нысандарға рейд жүргізді

Таразды «кедергісіз қала» деп атауға бола ма? Қалада мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қаншалықты жағдай жасалған? Қоларбамен жүретін азаматтарға арналған пандустар мәселесі шешімін тапқан ба? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын алу мақсатында «Nur Otan» партиясы облыстық, қалалық филиалдарының Партиялық бақылау комиссиясы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері қаладағы әлеуметтік нысандарға рейд жүргізді.



«Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында ұйымдастырылған рейд барысында комиссия мүшелері №16 орта мектеп пен №45 гимназиясында, теміржол бекеті мен ауруханасында, облыстық жасөспірімдер кітапханасы мен қалалық тұрғын үй қатынастары бөлімінде болып, ғимараттардың ерекше қажеттілігі бар жандарға қолжетімділігін зерделеді.

Аталған нысандарда арнайы пандустар орнатылғанымен, бірқатары талапқа сай келмейтіні анықталды. Сондай-ақ кей мекемеде мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін жүріп-тұруына жағдай жасалмағаны белгілі болды. Кемшіліктер бойынша мекеме басшыларына бірқатар ұсыныс айтылып, тапсырма берілді.

Кедергісіз орта қалыптастыру бағытындағы бұл мәселе «Nur Otan» партиясының тұрақты бақылауында болады.

А.ЖАСАНҰЛЫ

«Баланы мектепке жинайық!» акциясы басталды

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылардың балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясына жыл сайын «Nur Otan» партиясы да белсене қатысады. Партияның «Баланы мектепке жинайық!» айдарымен өтетін науқанына Ақмола облыстық және аумақтық филиалдары белсенді қатысып, оқушыларға қажет оқу құралдары мен мектеп формасын алып беріп жатыр.

Нақты айтсақ, аталмыш акцияға мәслихаттың барлық деңгейіндегі 210 депутаты қатысып, 9 530 000 теңгеге бірінші сыныпқа баратын 281 оқушыға көмек көрсетеді. Игі іске депутаттар белсене қатысып отыр, сондықтан халық қалаушылары бұдан да көпбаланы мектепке жинауға көмектеседі деп күтілуде.

Білім басқармасының мәліметінше, биыл облыс мектептеріне 130 мыңнан астам оқушы барса, 16 мыңнан астам бала халықтың әлеуметтік осал санаттарындағы отбасылардан. Ал бірінші сыныпқа баратын оқу-

шылардың саны 13 мыңнан асады.

Айта кетейік, аталмыш акция жана оқу жылына дайындық уақытында аз камтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына көмек көрсету мақсатында жыл сайын ұйымдастырылады.

А.ЖАСАН



Мәдениет мәселелерін талқылады

Партияның қалалық филиалы жанындағы Miras кеңесінің кезекті отырысында Алматы қаласындағы мәдениет ошақтарының жай-күйі мен партияның сайлауалды бағдарламасын іске асырудың Жол картасында айқындалған мемлекеттік тілді дамыту бағытында атқарылып жатқан іс-шаралары қарастырылды.



Күн тәртібіне сәйкес баяндама жасаған қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғ.Майлыбаев өз сөзінде бүгінде басқарма тарапынан атқарылып жатқан бірқатар жұмыспен таныстырды. Мәселен, кітапхана жүйесін жаңғырту мақсатында Алматы мен Медеу ауданындағы MEDEU CREATIVE HUB 2021 инновациялық мәдени орталықтарының жұмыстарымен таныстырды. Осы бағыттағы жұмыстарды жүргізу аясында 1 600 балалар мен жасөспірімдер тегін шығармашылық үйірмелеріне қатыса алады.

Бытырғы жылмен салыстыра келе, кітапханалардың оқырмандар саны 116 306 адамнан 156 895-ке өскенін байқауға болады. Үйірмелер мен клубтардың саны да ұлғайғаны туралы атап өтті. Сондай-ақ тарихи-мәдени мұраны сақтау және дамыту мақсатында 4 мемориалды такта орнатылып, Ы.Алтынсарин, Р.Бағланованың және денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне арналған ескерткіштерінің үздік эскиздеріне ашық конкурс жарияланды.

Әбілмансұр ЖАСАН

Азаматтардың өтінішін тыңдады

«Nur Otan» партиясы Қостанай облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесі Қостанай облыстық мәжіліс депутаты Мәди Ихтиляпов тұрғындарды қабылдады.



Бірінші болып Қостанай қаласының тұрғыны зейнетақы картасының бұғатталып қалғанын, соны алып тастау бойынша көмек сұрады. Бұл мәселені шешу үшін сот орындаушысы шақырылды. Қарау қорытындысы бойынша бұғаттау алынып тасталды, өтінім оң шешілді.

Екінші болып Қостанай қаласынан зейнеткер Семей полигоны аймағында әскери қызметті өткеруге байланысты жеңілдіктер беру мәселесімен жүгінді. Мәселені шешу үшін Қостанай қаласы бойынша Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бөлімшесінің бастығы және Қостанай қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкері шақырылды. Өтініш берушіге түсініктемелер мен заң кеңестері берілді. Мәселені Қостанай қаласы бойынша Қорғаныс істері жөніндегі басқарма бақылауға алды.

Келесі балаларды мектепке дайындау мәселесімен жалғыз-

А.ЖАСАНҰЛЫ



Режиссер туралы жоба жарық көрді

Танымал режиссер, сценарист, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, еліміздің Еңбек сіңірген қайраткері, қазақ киносының мэтрі Сатыбалды Нарымбетов жайлы деректі жоба жарық көрді. Жоба туралы Алматы телеарнасы хабарлады.

Деректі жобада кино және әдебиет саласында өзіндік суреткерлік әлемін қалыптастырып, қоғам бейнесін, заманның жаңарған келбетін өнер тілімен жеткізген режиссердің жарқын бейнесі суреттелген. Халық мұрасының жанашыры, дарынды тұлға ғұмырын киноға арнап, өзінен кейінгі ұрпақты сауаттылыққа жетелеген тұлғаның туындыларына талдама жасалған.

Әр туындысын баласындай көріп, халықтың тыныс-тіршілігін экран арқылы жеткізе білді. Өткен заманның бүлкілдеген тамырына доп түсті. Сатыбалды Нарымбетовтің Мұстафа Шоқай, Кенесары хан туралы жазған диссертациясы үшін қуғындалып, түрмеге түскен тарихшы Ермұхан Бекмаханов жайындағы «Аманат» фильмі де көрермен ықыласына бөленді. Бұдан өзге ол — «Созактан шыққан Гамлет», «Балалық шағымның Дон Кихоты», «Ауылдан келген күйеу», «Ассалаумағалейкум, Атлантида», «Айғаи» фильмдерінің авторы. Көбінің сценарийін өзі жазып, кино өнеріне бүкіл саналы ғұмырын арнады.

А. АЙДАРҚЫЗЫ

Қазақстан кубогы мен суперкубогы күзде өтеді



Қазақстан волейбол федерациясы республикалық ірі жарыстардың тізімін жариялады.

Қазақстан кубогы мен суперкубок матчты қазан мен қараша айларына жоспарланған. Волейбол жанкүйерлері аталған күнді асыға күтіп жүр. Өйткені тартысты кездесулерді алаңнан тамашалауға мүмкіндік тууы мүмкін.

Сондай-ақ әйелдер арасындағы кубоктың іріктеу кезеңі 1-8 қазан аралығында, ал ерлер арасында 10-17 қазан аралығында

өтеді. Әйелдер командалары арасындағы кубок ойындарының финалдық кезеңі 20-28 қазан аралығында, ерлер арасында 6-14 қараша аралығында Өскеменде өтеді деп жоспарланған.

Ал әйелдер арасындағы суперкубок Өскемен қаласында 28-30 қазан аралығында, ерлер арасында 14-16 қазан күндері өтеді деп белгіленген.

Жарыстың барлығы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтаумен ұйымдастырылады.

Айбике ЖАНАСЫЛ

«Қайраттың» бапкері қызметінен кетті



«Қайрат» футбол клубының бас бапкері Кирилл Кекер Еуропа лигасы үшінші іріктеу кезеңіндегі «Алашкертке» қарсы қарымта кездесуден кейін қызметінен кетті.

Ереванда өткен матчтың негізгі уақыты тең аяқталды — 2:2. Қосымша уақытта алаң иелері жеңісті жұлып әкетті — 3:2. «Қай-

рат» сапынан Денис Поляков пен Айбол Әбікен алаңнан қуылған соң, алматылықтарға тоғыз ойыншымен амалдауға тура келді. Ал бірінші кездесуде қос клуб тең тарқасқан еді.

«Өкінішке қарай, біз өзімізге қолайлы нәтижеге қол жеткізе алмадық. Осыған байланысты мен бас бапкер қызметінен кетуге шешім шығардым. Клубқа маған сенім артып, негізгі құрамның бас бапкері ретінде жұмыс істеу мүмкіндігі үшін алғыс айтамын», — деді Кекер.

Кирилл Кекерден кейін «Қайраттың» бас бапкері міндетін Артем Гавриленко атқаратын болды. Алматылық клуб үшін еурокубок ойындары аяқталған жоқ. Олар Конференция лигасының плей-офф кезеңінде өнер көрсетеді.

А.ЖОЛДАС

«ШАХТЕР» мен «ҚАЙРАТ» плей-офф сатысында

Өткен түнде Конференция лигасының үшінші іріктеу кезеңінде украиналық «Колос» командасын жеңген «Шахтер» қазақстандық клубтар арасында бірінші болып жаңа турнирдің плей-офф сатысына жолдама алды. Осыдан 8 жыл бұрын қарағандылық клуб Қазақстан атынан алғаш рет Еуропа лигасының топтық кезеңінде сынға түскен. «Кеншілер» бұл жолы да биыл ғана тұсауы кесілген турнирде байырғы жүрісінен жаңылмай келеді. Алда бір кезең бар.

Абылайхан ЖҰМАШ

Өкініштісі, «Шахтердің» ерлігін «Астана» мен «Тобыл» қайталай алмады. Әу баста, төрт командамыздың төртеуі түгел дерлік еурокубоктық іріктеу ойындарының үшінші кезеңіне жолдама алды деп қуанғанбыз. Ол қуанышымыз ұзаққа созылмады.

Ішкі біріншілікте чемпион болуға басты үміткер саналған екі үздік командамыз аталған турнирде үздік ойынын көрсете алмай, жарысты ерте аяқтады. Ал екі турнирде де қарсыластарына жол берген алматылық «Қайрат» соңғы мүмкіндігін Конференция лигасында пайдаланып көрмек.

КОЛДА ТҮРҒАН ЖЕҢІС ЕДІ...

Конференция лигасында сынға түскен елордалық «Астана» командасының өзге командаларға қарағанда еуромаусымда тәжірибесі мол болатын. Дегенмен оларға бұл артықшылығы да көмектеспеді. Тихонов футболшылары финляндиялық КуПС командасын жеңіп тұрып жеңілді.

Қос команда арасындағы алғашқы кездесу Финляндия жерінде 1:1 есебімен аяқталған. Сондықтан барлығы «Астана Аренадағы» шешуші ойынды асыға күтті. Тартысқа толы матч барысында екі ұжым футболшылары да ашық футбол өрнегін көрсетті. Бірінші таймда «Астана» сапынан Тигран Барсеян мен Абат Айымбетов гол соғып, елордалық команданы есепте алға шығарған. Ойынның екінші бөлігінде КуПС жиі шабуылдап, белсенділік танытты. Қонақтар сапынан Ранжел 53-минутта есеп айырмасын қысқартты. Ал 61, 74-минуттарда Ранжел тағы да екі гол салып, таразы басын теңестірді.



Араға үш минут салып финляндиялық клуб сапынан Янис Икау-некс жеңісті голды соқты. Осылайша, «Астана» қарсыластан 3:4 есебімен жеңіліп, жарыс жолынан шығып қалды.

Ойыннан кейінгі баспасөз мәслихатында КуПС командасының бас бапкері Симо Валакари: «Менің

та жеңді. Алаң иелері костанайлық клубқа жауапсыз 5 доп соқты. 14-минутта Давид Дюриш, 41-минутта Матуш Руснак, 64-минутта Ваган Бичахчян, 81-минутта Тибор Слебодник мергендігімен көзге түсті. Ал 91-минутта дубль жасаған Ваган Бичахчян жауапты ойынның нүктесін қойды. Осылайша, олар

Еревандағы «Вазген Саргсян» атындағы стадионда өткен ойында алматылықтарға сәттілік жолдас болмады. Төреші де «Қайрат» футболшыларын қатаң жазалап, бір емес екі қызыл қағаз көрсетті.

Кездесудің 43-минутында алаң иелері сапынан Эмбало есеп ашты. Бірақ бұл қуаныш көпке созылмады. Бірінші таймға қосылған қосымша уақытта Айбол Әбікен таразы басын теңестірді. 50-минутта Эмбало дубль авторы атанды. Ал жауапты голды 61-минутта қосалқы құрамнан шыққан Артур Шушеначев соқты. Бір минут өткеннен кейін Денис Поляков, ал 92-минутта Айбол Әбікен тікелей қызыл қағаз алып, алаңнан қуылды. Мұны пайдаланған алаң иелері офертаймның 104-минутында жеңісті голды соғып, келесі кезеңге жолдама алды. Ал «Қайрат» еурокубоктағы жорығын Конференция лигасында жалғастырады.

Сонымен, еурокубоктық ойындарда екі командамыз қалды. Конференция лигасының плей-офф кезеңінде «Шахтер» израильдік «Маккаби Тель-Авивпен», ал «Қайрат» люксембургтік «Фола» командасымен кездеседі.

Қарағандылық «Шахтер» бірінші ойынын 19 тамызда Нұр-Сұлтан қаласында өткізеді, ал жауапты матч 26 тамызда Израильде өтеді. Алматылық «Қайрат» алғашқы ойынын 19 тамыз күні сырт алаңда ойнайды. Топтық кезең мәселесі 26 тамыз күні Алматыда өтетін жауапты ойында шешіледі.



командамыз мықты және біз келесі кезеңге өтуге лайық болдық» деп өз футболшыларымен мақтанды. Ал Тихонов «Астана» үшін сәтсіз күн болғанын айтумен болды. Сөйтіп, КуПС ХИК командасының еурокубоктағы 2012 жылы елордалық клубқа кеткен есесін қайтарды.

екі матч қорытындысы бойынша 6:0 есебімен келесі кезеңге қиындықсыз өтті. Ал «Тобыл» әдеттегіше еурокубоктағы жорығын орта жолдан аяқтады. Енді «Жилина» плей-офф сатысында «Яблонец» командасымен кездеседі.

«ҚАЙРАТ» ТОҒЫЗ ОЙЫНШЫМЕН ТОНҚАЛАН АСТЫ

«Қайрат» Еуропа лигасының үшінші іріктеу кезеңінде «Алашкерттен» 3:2 есебімен жеңіліп қал-

«ЖИЛИНА» «ТОБЫЛДЫ» ТОБЫҚТАН ҚАҚТЫ

Словакия жерінде өткен қарымта кездесуде «Жилина» жастары «Тобыл» футболшыларын ойсыра-

«Қараша айында балалар жаппай ауырады» – фейк

Telegram қолданушылары биыл қарашада балалар жаппай ауыра бастайды, оған мектептер мен балабақшаларда азот оксиді мен бериллий шашу себеп болады деген ақпарат таратып жатыр. Осы жайттың әсерінен ата-аналар балаларына вакцина салдыруға мәжбүр болады-мыс.

Желіде тараған ақпаратты Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті жоққа шығарды.

«Бұл жалған ақпарат. Қазір мектептерде коронавирусты таратпау бойынша барлық шара қабылданған. 379 540 педагог пен мектеп қызметкерлері вакцина салғызды. Бұл барлық орта білім беру қызмет-



керлерінің 96 пайызы. Оқушылар арасында коронавирустың тара-

луына жол бермеу бойынша шаралар алгоритмі әзірленді», — делі

комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев.

Мәлімет бойынша, азот оксиді көзге көрінбейтіндей шашу мүмкін емес. Азот оксиді — өткір иісі бар қызыл-қоңыр, кейде қызылт сары газ. Оны байқау мүмкін емес.

Сондай-ақ комитет жалған ақпарат таратушылар Қылмыстық кодекстің 274-бабы бойынша қылмыстық жауапқа тартылатынын ескертті. Яғни, бұл бап бойынша 3 мың АЕК мөлшеріне дейінгі айыппұл салу түріндегі жауапкершілік, 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру қарастырылған.

А.ЖОЛДАС